

**REPORTS OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 6, Number 6 (2014), 182 – 185

**ABOUT TRANSLATION JUSIPBEK AIMAUYTOV  
THE STORY BY GUY DE MAUPASSANT**

**K.A. Aubakirova**

Eurasian National University named after L.N. Gumilev

**Key words:** translator, translation, free translation, literary translation, literature.

**Abstract.** In the article translation of Jusipbek Aimauytova is examined from work of Gui De Maupassana. And analyzes the skill transfer Jusipbek Aimauytov.

УДК: 811.512.122.09

**ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ ГИ ДЕ МОПАСАННАН  
АУДАРҒАН ӘҢГІМЕСІ**

**Қ.Ә. Аубакирова**

Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Тірек сөздер:** аудармашы, аударма, еркін аударма, көркем аударма, әдебиет.

**Аннотация.** Бұл мақалада Жүсіпбек Аймауытұлының Ги Де Мопасаннан аударған әңгімесі зерттеліп қарастырылған. Сонымен катар, Жүсіпбек Аймауытұлының аудармашылық шеберлігі талданған.

Бұл өмірде бар болғаны қырық екі жыл ғана өмір сүрген Жүсіпбек Аймауытұлының қазақ мәдениеті мен әдебиетіне сінірген еңбегі өлшеусіз екені белгілі. Осынша аз ғұмырында ол бай шағырмашылық мұрасы мен өзіндік қолтаңбасын қалдырып үлтерді. Егер алаштың небір қайран боздақтарын қырып салған саяси озбырлық орын алмағанда, қазақ әдебиеті әлеміне небір құнды көркем шығармалар, аудармалар, ғылыми еңбектер келіп қосылар еді.

Жүсіпбек ғұмыры ғасырлар тоғысындағы саяси қақтығыстарға тұспа-тұс келгені мәлім. Сондықтан жазушының шығармаларында сол кездегі орта, замана ағысы, өмір тәжірибесі суреттеп отырады. Орыстың белгілі әдебиет сыншысы В.Г.Белинский әрбір өнер туындысы өз дәүіріне, тарихи заманына, суреткердің қоғамға қатынастарына орай қарастырылуы тиіс екендігін айта отырып, шығарманың қашан, қай кезде жазылғанына және шығармаға әсер еткен факторларға назар аудармай, автордың жеке басы мен шығармасын ғана талдау үлкен қателіктерге апарады дейді [1, 713 б.]. Жалпы кез-келген өнер туындысы сол заман ағымынан жырақ түрмайды, оның өзінен туындалған шығармаға арқау, негіз болары хақ. Ж.Аймауытұлы аудармалары да – өзі өмір сүрген қоғамдық ортанның саяси-әлеуметтік факторларының нәтижесі. Жүсіпбек Аймауытұлы қазақ халқының сол кезеңдегі мұн-зарын, қайғы-қасіретін танытатын әңгімелерді аударуға тырысқанын аңғарамыз.

Қазақ әдебиетінде XX ғасырдың басында аударма өнері белгілі дәрежеде өрістей бастады. Қазақ ақын-жазушылары орыс, шығыс, батыс әдебиеті өкілдерінің туындыларын қазақ тіліне тәржімалу арқылы қазақ әдебиетінің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Ұлттар әдебиетінің өзара байланысы қай заманда да көркем аудармасыз жүзеге асқан емес. Тарихы әріден келе жатқан көркем аударма ісінің қазақ топырағында гүлденеү орыс тілінде жазылған шығармаларында аудару үрдісінен бастау алады. Жүсіпбектің аудармалары, атап айтқанда, **орыс әдебиетінен** аударған туындылары «Еңбекшілер ұраны» (Интернационал. Өлең. «Қызыл Қазақстан» журналы, 1921. №1), «Жас әскер» (Молодая гвардия. Өлең. «Лениншіл жас» журналы, 1935. №1-2), «Тау еліндегі оқиға» (Чуйковтан, 1925), «Пәренжі» (Орыс ертегісі. «Әйел тенденция» журналы, 1927. № 6), Өлең Сұнқарға (М.Горькийден. Жас қазақ. 1924. № 4), Саран сері (А.С.Пушкиннен, 1926), Тас мейман (А.С.Пушкиннен, 1926), Бақылаушы (Гогольден), Қатындар (Қабарды ұлтының ертегісі. Еңбекші

қазақ, 1924. 19 тамыз), сонымен қатар, батыс әдебиетінен аударғандары Джек Лондоннан «Күштілердің күші» (Лениншіл жас, 1925. №6-7) және «Тенсіз телегей аттаныс» («Жаңа мектеп» журналы, 1926. №4-5), Робинранат Тагордан «Балжан» («Лениншіл жас» газеті, 1926. №1-2), Конрад Берковичтен «Әкесі мен баласы» («Лениншіл жас» газеті, 1926. №6-7) және «Өрбике» («Жаңа мектеп» журналы, 1929. №4), Дюшен Фердинанттан «Демелі» (1928), В.Гюгодан «Бишаралар», Ги де Мопассаннан «Су жүзінде» («Сәуле» журналы, 1926, №5).

Ал Жүсіпбектің кейінгі кездері ғана табылған «Зан білместін зары» атты аудармасы «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы №11, №12, №13 сандарында басылып шыққан. Бұл әңгіме «Сыған әңгімелері», «Мұрда», «Мұрданың өлімі» деген тараушаларға бөлінген. Сондай-ақ Ж.Аймауытулы Н.И.Бухарин мен Е.А.Покровскийдің «Коммунизм әліппесін», М.И.Покровскийдің «Ресейдің XIX-XX ғасырлардағы төңкеріс қозғалыстары тарихынан» және «Орыс тарихы», В.Богдановтың «Саяси экономияның қысқаша курсы», П.И.Стучкийдің «РСФСР Конституациясын» қазақ тіліне аударып, мерзімді баспасөз беттерінде жариялады.

Бұғынгі макаламыз Жүсіпбек Аймауытұлының француз жазушысы Ги Де Мопассаның 300-дей әңгімелерінің ішінен тәржімалаган «Су жүзінде» (На реке) атты аудармасы жайында болмақ. Бұл аударма кезінде Жүсіпбектің өзі редакторлық еткен Ташкент қаласынан шығатын «Сәуле» журналының 1926 жылғы №5 санында жарияланған болатын.

Жүсіпбек аударған бұл әңгіменің авторы Анри Рене Альбер Ги де Мопассан 1850 жылы 5 тамызда Нормандияда өмірге келген. Небәрі қырық үш жыл ғана өмір сүрген ол жазушылық өнерін он үш жасында бастаған. Оның әкесі Гюстав де Мопассан өнерді жаңындағы жақсы көретін, суретшілермен жақын жүруді ұнататын адам болған. Ги де Мопассаның балалық шағы Нормандияда өтеді, жиі-жиі балықшылармен бірге теңіз бетіне шығып, серуендер, тіпті кеме айдауды да бала кезінде үйренеді, жергілікті салт-дәстүрді жете менгеріп, норманд тіліне жетік болады [2, 5]. Мопассан Париждегі Сене өзенінің тұманды тұндерін, толқын сокқан жағалауларын, теңіз жағасында өткізген махабатты тұндерін новеллаларына да қосып отырған. Жүсіпбектің аударған «Су жүзінде» әңгімесі де осы Сене өзенінде қайықта қалып қойған балықшының басынан өткен корқынышты сәттеріне арналған.

Бұл әңгіме былай басталады: «*Өткен жылды Париж қаласында Сене өзені бойынан бір кішкене пәтер алып, таза ауага шығып, сонда қонып тұратын болдым. Кешікпей-ақ бір көршіммен таныс болдым. Жасы 30-40-тың шамасына келген кісі. Көріп жүрген адамдардың ішіндегі бір жасты еді. Өзі қашаннан бергі қайықшы, қайықшы болғанда бір жансебіл, өмірін мәңгі су бойында, су жузінде кешірген бір адам, қайықпен бірге жасасасып, күрекпен бірге көрге баратын тәрізді. Суга жасы құмар бір адам. Бір күні кешке екеуміз өзен жағалап келе жастық. Су жузіндегі өмірінен қызық әңгіме айтыш деп сұрадым. Ішқылдақ адам еді, сүй деуім-ақ мұң екен, жүзі гүл-гүл жайнап, елеуреп, ақынша сұрылып, әңгімені койіте бастады... –Осынау беті жыбырлап жастқан өзен қандай әсер қалдырымады маган! Өзен деген не нәрсе? Қошес халқы – сіздер түгін де білмейсіздер. Өзенде балықшының аузынан естіп көрініши, қалай сойлер екен» [3, 83-90 б.].*

Одан әрі әңгіменің мазмұны тынығып алу үшін қамыс жиегіне келіп зәкір салып тоқтатқан қайығын қайтадан жүргізе алмай сол жерде қалып қойған қайықшының басынан кешкен оқиғасына арналады. Албастың тұнерген айсыз тунде шетсіз, түпсіз болып көрінетін өзен қаншалықты қорқынышты болғанымен, балықшы үшін өзен – сұлу, оның жаңа шыққан күн нұрына шомылып, айнадай жалтырап, қалың кірпік арасындағы жәудір көздей, қалың құрақты жылғамен күмістей жылтырап, шымырлап ағып, сылдыр қағып жатқаны балықшы үшін – ғажап. Алайда, қанша ғажап, сұлу болса да, мұнартқан қою тұманды тунде өзенде қалып қойған балықшының қатты корыққаны, шеке тамырының солқ-солқ етіп, жүрекінің аттай тулағаны, өзеннен малтып өтуге дауаламағаны, қаранды тұңғылыққа қарай аяғынан біреу сүйреп алып бара жатқандай әсерде болғаны суреттеледі.

Жүсіпбектің бұл әңгімені аударудағы мақсаты – бар өмірін суда өткізген балықшының бір тұндегі қорқыныш сезімін суреттеу арқылы қазақ қоғамын болашаққа деген сенімсіздікten, жалтақтаған құлдық психологиядан, ен бастысы «қорқақтықтан» аз да болса арылтуды, халықты батылдыққа шакыруды көздеңген тәрізді. Бұған әңгімегедегі мына үзінділер дәлел бола алады: «*Қорықташын деп қайраттанамын, бекінемін, болмайды, ішімде қайраттан басқа бірдене бар сияқты. Сол бірдене қорқа береді. «Осы мен несіне қорқамын?» деп сұраймын өзімнен. Мендеңі батыр «мен» – қорқақ «менді» мазақтайды, күледі. Да сондайындағы бірін-бірі қарсы ішімдегі екі*

маңдұқты одан бұрын да, соң да анық сезген еместін. Бірі қорықта дейді, бірі қорқа береді. Екенің біресе кезек жығысады, біресе ит-жығыс түседі» [3, 88 б.]. Ал мына үзіндідегі айтылғандар қорқып, бұғып жүргендеге күш-куат, жігер беруге үндегендегі әсер қалдырады: «Барша су маңдауқтары оянды. Шошып оянгандай бақалар да бақылдады. Оқта-текте біресе оңнан, біресе солдан тасбақаның қоңыраудай сылдыраган келте-келте қоңыр күйі жүлдөзбен тілдескендегі, көкке шапишип сыйғырлайды. Гажап, қорықканым басылып кетті. Сондай көрікті табигат қойында қандай керемет жат нарсе көрінсе де, маган түк таңсық емес еді» [3, 89 б.].

Сонымен қатар, Ж.Аймауытұлы бұл әңгіме халық санасына әсер ету үшін сол заманғы ахуалға сай орайластырып аударғаны байқалады. Мысалы, орысша нұсқадағы «Этот глупый, необъяснимый страх, возрастая, переходил в ужас» [5, 345 б.] деген сөйлемді «Білімсіз қорқыныш шырлығын, жсан шошырлық үрейге шапты» [3, 88 б.], - деп аударса, «Если бы какой-нибудь рыбе вздумалось выпрыгнуть из воды, как часто случается, этого было бы достаточно, чтобы я свалился замертво, потеряв сознание» [5, 345 б.] деген сөйлемді «Егер сол кезде судан біреу қылт етіп шыға келді бар гой – сөз жсоқ талып қалуыма» [3, 88 б.], - деп аударған.

Жалпы бұл шығарма еркін түрде тәржімаланған. Яғни Ж.Аймауытұлы әңгімені бір тілден екінші тілге айна-катесіз беруді емес, түпнұсқадағы жалпы мазмұнды ғана сақтай отырып, қоғам санасына әсер етуді көздеген, әрі қазақ оқырманына ұғынықты болу мақсатында әңгіме ішінде аса қажет болып есептеле мейтін сөйлемдерді мұлде аудармай тастап кеткенін көреміз. Мысалы, Мопассан бұл әңгімесінде Гюгоның теңіз туралы өлеңінінен үзінді келтірген:

*Поэт сказал про океан:*

*О волны темные! Вы жуткие рассказы  
Сложили, - страшные пугливым матерям.  
Друг другу шепчете вы их в часы прилива  
Вот почему звучит ваш голос так тоскливо,*

Когда стремитесь вы к земле по вечерам [5, 342 б.]. Бұл өлең үзіндісін Ж.Аймауытұлы мұлде тәржімаламаған. Және балықшының өзі туралы айтқан мына әңгімесі де қазақшаға мұлде аударылмаган: «Я жил тогда, как и теперь, в доме тетки Лафон, а один из моих близайших, приятелей, Луи Берне, отказался с тех пор от лодочного спорта с его радостями и свободой нравов, чтобы заседать в Государственном совете, поселился в деревне С..., в двух милях ниже по течению. Каждый день мы обедали вместе то у него, то у меня» [5, 343 б.]. Эрине бұл аударылмай қалған мәтіндердің шынымен де қазақ оқырманы үшін қажеттілігі шамалы екені айтпаса да түсінікті.

Шығармадағы көптеген сөздер қазакы ұғымдағы тіркестер арқылы сәтті берілгені байқалады:

*Некоторое время – ет письмомдей уақыт  
Без сна – коз ілінбеу  
Стал красноречив – ақынша суырылу  
А река молчалива и коварна – атыныңды қуырады,  
Тишина соблазнила меня – тоңірек құлаққа ұрган танадай  
Погода была дивная – күн майдай жылы  
Река блестела – өзен айнадай жылтырайды  
Я задремал – көзім ілініп кетті  
Якорь не тронулся с места – зәкір міз бақпады  
Скользнула какая-то тень – қараң етіп, бірдеме көрінгендей болды*

Наступал день, мрачный, серый, дождливый, холодный, которые приносят вам огорчения и несчастья – жанға жабырқау салатын, жауын-шашынды, қара желі аралас қара қабақ жаман күн еді, т.б.

Аударма өнері туралы кезінде Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Ақын-жазушы өзінің жазған тума шығармасына жауаптылықпен қараша қажеттігі сөзсіз. Ал өте жауапты нәрсе – біреудің шығармасын аудару. Бұған өте шеберлік керек. Шығарманы аударушы адам сол шығарманың барлық мазмұнын түсінумен қатар, жазушының нәзік сезімін, шеберлігін, шығарманың қандай күйде, қандай рухта жазылғанын жақсы білу керек. Демек, аудармашы сол аударманың авторынан ой-санағы, сезімі тәмен болса, онда аударма дәл болып шықпайды. Шығарма аударылғанда рухынан айрылып қалса, онда аудармашының жазушыға қиянат істегені болады» [6, 120 б.] , -

деген еді. Осы тұрғыдан алғанда Жүсіпбектің аудармашылық қабілетінің өте жоғары деңгейде болғандығын, ері айтылатын ойдың салмақтылығына, казак ұлтының жаңына жақын, оның сезімін оятарлық дәрежеде болуына басты назар аударғанын аңғарамыз.

Ж.Аймауытұлының 1928 жылы өз қолымен толтырган анкетасында өзіне ұнайтын бірнеше жазушының ішінде осы Мопассан есімін де көрсеткен [4, 380 б.]. Ж.Аймауытұлының Ги Де Мопассан шығармаларына деген қызығушылығы мен құрметінің негізгі себебі мынада деп ойлаймыз:

*біріншіден*, Мопассанның шығармашылығы XIX ғасырдың екінші жартысындағы француз қоғамын шынайы тұрғыдан суреттеуге арналды, ол сол қоғамды жай ғана сипаттап қоя салмай, қоғамда орын алып жатқан сатқындық, өктемдік, адам құқының бұзылуы сынды ірі мәселелерді өз шығармалары арқылы ашық жазып отырды.

*екіншіден*, Мопассан өз шығармаларындағы кейіпкерлер арқылы сол кезеңдегі азаматтық мұдде мен саяси мұдделердің өзара қайшылықтарын барынша шынайы көрсете білді.

*үшіншіден*, Мопассан көп әңгімелерінде қарапайым француз халқының өз Отанын жаңындай сүйеттінің дәрілтеп отырды.

Қорыта айтқанда, Жүсіпбек Аймауытұлы көркемдік дәрежесі өте жоғары аудармаларды қалыптастыруға үлкен үлес косты, ері ұлттық аударма ісін дамытуға ерекше еңбек сінірді. Ол қолына түскен кез-келген әңгімені емес, қазақ қоғамы мен тұрмысына қажетті, ой-сананы оятар, ұлгілі деген шығармаларды ірікте аударған, сол себептен де аударманың қазақ ұғымына лайыкты, қазақ оқырманына түсінікті жағын басты назарда ұсталды. Жүсіпбек көркем аударманың адам баласының дүниетанымдық, эстетикалық, көркемдік талғамын байытатынын, мәдениет пен өркениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосатынын жете түсінген. XX ғасырдың басындағы белгілі қоғам қайраткері, Алаштың біртуар тұлғасы, әдебиет сыншысы Смағұл Сәдуақасұлы: «Ол еуропалық жазушыларды еркін ері жатық аударған» деп, Жүсіпбектің аудармашылық шеберлігін биік бағалаған болатын.

Сонымен аударма – тәрбие беретін құрал ғана емес, халық пен халықты қауыштыратын терең байланыс. Аударма киын мәселе, сондыктан аудармаға қойылатын талап пен талғам өте биік. Оны тек аудармашы ғана дұрыс жүзеге асыратыны даусыз. XX ғасырдың басында үздік аудармашылар қатарындағы Жүсіпбек Аумайытұлы өзі қазақша сөйлектісі келген кез-келген шығарманы қазақ оқырманының жүргегіне терең жеткізе білді.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Белинский В.Г. Русские писатели в литературном труде. –Л: 1854. –С. 758.
- [2] Ги де Мопассан. Пышка. Роман, новеллы. –Москва: Эксмо, 2002, -608 с.
- [3] Ж.Аймауытұлы. Шығармалары. –Алматы: Каламгер, 2013 -340 б.
- [4] Бес арыс. –Алматы: Жалын, 1992. -544 б.
- [5] Ги Де Мопассан. Сочинения в пяти томах. –Москва: Наука, Том I. 1992, -558 с.
- [6] Шәкәрім. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1988.

#### REFERENCES

- [1] Belinskij V.G. Russkie pisateli v literaturnom trude. –L: 1854. –S. 758.
- [2] Gi de Mopassan. Pyshka. Roman, novelly. –Moskva: Jeksмо, 2002, -608 s.
- [3] Zh.Ajmauptyly. Shygarmlary. –Almaty: Kalamger, 2013 -340 b.
- [4] Bes arys. –Almaty: Zhalyн, 1992. -544 b.
- [5] Gi De Mopassan. Sochinjenija v pjati tomah. –Moskva: Nauka, Tom I. 1992, -558 s.
- [6] Shekarim. Shygarmlary. –Almaty: Zhazushy, 1988.

#### О переводе Жусипбеком Аймауытовым рассказа Ги Де Мопассана К.Ә. Аубакирова

**Ключевые слова:** переводчик, перевод, вольный перевод, художественный перевод, литература.

**Резюме.** В статье рассматривается перевод Жусипбека Аймауытова с произведения Ги Де Мопассана. А также анализируется мастерство перевода Жусипбека Аймауытова.

**Аубакирова Қарлығаш Әділханқызы**

Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторантты

Поступила 21.11.2014 г.